

Ескен ЕЛУБАЕВ

Төрт түлік сөздігі



(Төрт түлік жайлы өлеңдер, есептер, ертегілер,
жұмбақтар, жаңылтпаштар, аллитерациялар, логогрифтер,
шарадалар, омофондар, омонимдер т.б.)

Алматыкітап баспасы
2015

ӨОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5 қаз) - 4

Е 49

Елубаев Е.

Е 49 **ТӨРТ ТҮЛІК СӨЗДІГІ.** (Төрт түлік жайлы өлеңдер, есептер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аллитерациялар, логогрифтер, шарадалар, омофондар, омонимдер т.б.). – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 184 бет.

ISBN 978-601-01-2507-0

Кітапқа төрт түлік жайлы әдеби көркем шығармалар топтастырылған. Дүниежүзіндегі ең малсақ халық – қазақтар екені ежелден белгілі. Оқырмандарға аңғартары мол, танымдық, тәлімдік мәнге ие, туындылар автордың бұрын жазған, соңғы кезде жазған туындыларынан іріктеліп алынды. Жинақ көпшілік қауымға арналған және оқу үдерісінде қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға да лайықты.

ӨОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5 қаз) - 4

ISBN 978-601-01-2507-0

© Елубаев Е., (мәтіні), 2015

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2015

Алғы сөз

Жазушының жазған еңбектері оқырман көңілінен шығып, қазақ әдебиетінің төрінен өзінің лайықты орнын алып жүр.

Тырнақалды өлеңі 16 жасында «Ара» журналында жарияланған екен.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Еңбек жолын «Қазақстан пионері» газетінен бастап, кейін «Балдырған» журналында қызмет істеген жазушының балалар әдебиетіне деген көзқарасы ерекше. Шығармаларының жасөспірімдерге танымдық әсері жоғары.

Ақынның қарапайым өлеңдерін балалардың барлығы көкіректеріне тоқып, көңіліне ұялатып өсіп келеді, жазушыға одан артық қандай бақыт керек!?

Бұдан бұрын да баспамыздан 2006 жылы жарық көрген «Балаларға базарлық» атты еңбегі жоғары сұранысқа ие болып, осы уақытқа дейін төрт рет қайта басылып шықты.

Ескен Елубаев өз шығармаларының тақырыбын өмір талабына сай таңдайды. Өлеңдерінің ұлттық бояуы қанық. Туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілік өлеңдерінен сезіліп тұрады. Ол өлеңдерінің балаларға қызықты, танымдылығы жағынан нақты болуын қалайды. Жеткіншек ұрпақтың ойы мен зейініне, бүгін мен ертеңіне әркез алаңдап отыратын сезімтал ақын. Көп авторлардың бойында кездесе бермейтін бір ерекшелігі қолжазбасын баспаға тапсырылған күннен бастап басылып шыққанға дейін бірнеше рет толықтырып, жетілдіріп, тыным таппай жүретін жан.

«Төрт түлік сөздігі» – балалардың танымдық әрекеттерін кеңейтетін шығармаларының бірі. Ең малсақ халық – қазақтардың төрт түлік малымен таныстырып қана қоймай, еліміздің тамаша табиғаты, ұлттық ойындары, салт-дәстүрлері жұмбақ-есептер, жаңылтпаштар, логогрифтер, омонимдер арқылы шебер суреттелген.

«Төрт түлік сөздігіндегі» жұмбақ есептерді мұғалімдер сабақты түрлендіріп өткізу тәсіліне пайдалана алады. Мұндай есептер балалардың өздігінен ойлауларына мүмкіндік жасайды. Оларды нақтылы ойлауға жетелейді. Мысалы:

*Шөбі шалғын егісте
Жайылып жүр өрісте.
Әңгі есек – жеке,
Екі теке,
Үш інген түйе,
Төрт бие,
Бес қошқар,
Сиыр – алты,
Барлығы қанша жалпы?*

Берілген ауызша есептер тез ойлап табу қабілетін жетілдірсе, жаңылтпаштар балалардың тілдерін ұстартады. Этнографиялық жұмбақтары балалардың танымын кеңейтеді. Ақынның шығармалары мұғалімдерге сабақ жүргізу барысында үлкен көмек болары сөзсіз.

Кітапты жас оқырмандарымыздың ұнатары анық.

**«Алматыкітап баспасының»
баспа ісі жөніндегі вице-президенті**

А.У. Сужикова

I бөлім

Түйе

Пірі – Ойсылқара



Түйе қазақша біле ме?

Қазақшаны
Түйелер
Осы емес пе білгені?!
Жүк артқанда тиелер,
«Шөк-шөк-шөк», – деп жүргені.

Айтқаныңды
Бұл түлік
Ұққандайын болады.
Түсінгенін білдіріп,
Ыңыранып қояды.

Ботасынан айырып,
Ембегенін бақылар.
«Келе-келе», – деп түйе қайырып,
«Көс-көс», – деп бота шақырар...

Нағыз малсақ –
Қазақ қой,
Түйеге үш сөз үйреткен,
Ондай халық аз-ақ қой,
Жер бетінде сирек, кем...





Бура

Онда бала кезіміз...
«Өзімізбен өзіміз,
Ойнағанды қойып,
Бір команда болып,
Көрші ауылға барып,
Барымызды салып,
Шеберлікке сеніп,
Футбол ойнап,
Жеңіп,
Қайтайық», – деп шештік,
Екіленіп бөстік.

Ала доп бар қолда,
Келе жаттық жолда...
Алдымызда
Күшті,
Қорқынышты, сұсты,
Тұр екен бір бура!
Бізге қарап тұра!

Бура еді бұл тұрған,
Көп адамды қуған.
Ұшады одан зәрең,
Құтыласың әрең.

Бізге мәлім сыры,
Шабынғандай түрі.
Тұрып алды ол
Кетпей,
Ары-бері өтпей.

Қырсыққаны сондай,
Мал көрмедік
Ондай.
Жақындауға таяп,
Басар емес аяқ.

Оны жолдан қуар,
Бала қайдан туар?
Тұрып қалдық топ боп,
Батыл бала жоқ боп...

Айналамыз жазық,
Шөбі малға азық.
Көп малдар жүр оттап,
Ал бура тұр тоқтап.
Сірә, бізді қумақ,
Келе жатқан шулап.
Ішіміз тұр сезіп,
Оған амал нешік,
Тәптіштемей езіп,
Қашқан жақсы безіп...

Әрмен қарай жүрмей,
Не істеуді білмей,
Біздер сонда,
Неттік?
Кері қайтып кеттік...

Ойналмады ойын
Бура бөгеп жолын.





Түйе

Киіз үйді көшкенде,
Түйе үстіне артады.
Ауыр жүкке дес бермей,
Ыңыранып тартады.

Шөліңе де шыдамды,
Су ішпесін талай күн.
Қасиетті – шұбаты,
Ем етуге жарайтын.

Тоқыр және жүнінен
Шекпен,
Шұлық...
Киімді...
Қазақ үшін бұл бір ең
Пайдалы мал тиімді.





Сарт пен бота

Ауылға алғаш келгенде,
Бір сарт
Бота көргенде,
Таңырқапты сонда аса:
– Кішілігі болмаса,
Мынау
Нағыз түйе ғой, –
Осылай деп түйеді ой...

Мақтану

Ертеректе,
Біреу біздің өңірде,
Мақтанған екен,
Алдында тұрып елдің көп:

– Көрмегенім жоқ қой менің,
Өмірде...
Түйеден түйе
Туғанын да көрдім, – деп...



Шұбат

Ішіп көрген шұбатты,
Дәмін бірден ұнатты.
Денсаулыққа пайдалы
«Зәмзәм» суы сияқты.



Түйе неге көңілсіз?

Ой-һой, шіркін, көктем,
Салтанатты неткен!


Бауырында төрт марғау.
Жатыр, өне – мысық,
Ілесіп жүр итке
Бақандай бес күшік.

Сиырда – бір бұзау,
Қойда – қозы егіз.
Қоқырайып қаз тұр,
Балапаны сегіз.

Апанында – қасқыр,
Бөлтірігі алты.
Аюда – үш қонжық
Әдеттегі қалпы.

Көңілсіз ғой түйе,
Неге жүр ол жалқы?
Екі жылда бір рет
Боталайтын салты.

Бота таппай бұл жыл,
Түйе содан тұнжыр...





Жаңылтпаштар

Түйеге көң теңде,
Көңді тең теңде,
Екі тең көң теңде.

Өрістегі әр нар –
Нән нар.
Нар – нән мал.





Жұмбақ

Сала алмайсың оған ер,
Ері үстінде
Міне бер.

(Түйе)

Логогриф

Артуға бармас АР,
Көтере алмас НАР,
Мейіз, алма, АНАР,
Қанар-ҚАНАР.



Шарада

Бірінші буыны –
Екі жасар мал түрі.
Екінші буыны –
Төлдің бірі.
Екеуін қосып оқысаң –
Ол да мал ірі.
(Тай + Лақ = Тайлақ)





Анаграмма

«Ж»-дан бастасаң –
Жер биігі.

«Б»-дан бастасаң –
Мал түлігі.

(Жота – Бота)





Метеграмма

Тұтас оқысаң –
Асыраған малың.
Екі шеткі әрпін қысқартсаң –
Мекенжайың.
(Түйе – Үй)

